«ZIATKER TURAN» ЖШС 2026-2027 оқу жылындағы

6-сынып жетекшілерінің жылдық жұмыс жоспарына анықтама

2026-2027 оқу жылының қыркүйек айында 6-сынып оқушыларымен тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаттарының негізгі мақсаты оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттыру, отбасылық құндылықтарды дәріптеу, еңбеккорлыққа, жауапкершілікке, достыққа және қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу.

1. «1 қыркүйек - Білім күні»

Тақырыбы: «Қазақстан Республикасының Конституциясы: Адал азамат, зерделі ұлт және жауапты қоғам қалыптастырудың негізі»

Сынып сағатында оқушыларға Конституцияның қоғам өміріндегі маңызы, азаматтың құқықтары мен міндеттері туралы түсінік берілді. Адалдық, жауапкершілік, білім алуға ұмтылу және ел болашағына үлес қосу мәселелері талқыланды.

Сонымен қатар №1 қауіпсіздік сабағы өткізілді. Оқушылар Қазақстандағы сенім телефондары мен жедел қызметтердің негізгі нөмірлерімен танысты. Қауіпті жағдайда дұрыс әрекет ету жолдары түсіндірілді.

2. «Отбасындағы сыйластық»

Сынып сағатында отбасының адам өміріндегі орны, ата-анаға құрмет көрсету, отбасы мүшелерімен дұрыс қарым-қатынас жасау және өзара сыйластық туралы әңгіме жүргізілді. Оқушылар отбасы құндылықтары туралы өз ойларын ортаға салып, мысалдар келтірді.

Сонымен қатар жол қозғалысы ережелері қайталанып, оқушыларға жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігі түсіндірілді.

№2 қауіпсіздік сабағының тақырыбы: «Көшедегі қауіпті нысандардан қалай аулақ болуға болады? (фонтан)». Оқушыларға көшедегі қауіпті орындардан сақтану және қауіпсіздік талаптарын орындау жолдары түсіндірілді.

3. «ДОСБОЛЫҚКЕ» жобасы

Тақырыбы: «Қақтығыстарды басқару өнері»

Жоба кезеңі: «Көпшіліктің арасында»

Сынып сағатында оқушылар арасындағы достық қарым-қатынас, өзара түсіністік және қақтығыстардың алдын алу мәселелері қарастырылды. Оқушыларға туындаған келіспеушіліктерді сабырлы түрде шешу, бір-бірінің пікірін құрметтеу және жанжал кезінде дұрыс әрекет ету жолдары түсіндірілді.

№3 қауіпсіздік сабағында «Интернетте жеке деректерінізді қалай қорғауға болады?» тақырыбы қарастырылды. Оқушыларға жеке мәліметтерді бөгде адамдарға бермеу, құпиясөздерді қорғау және интернеттегі қауіпсіздік ережелерін сақтау жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

4. «Еңбек түбі береке»

Сынып сағатында еңбеккорлықтың адам өміріндегі маңызы туралы әңгіме жүргізілді. Оқушыларды еңбекті бағалауға, жауапкершілікке, бастаған ісін соңына дейін жеткізуге және қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысуға тәрбиелеу мақсатында пікір алмасу ұйымдастырылды.

№4 қауіпсіздік сабағының тақырыбы: «Кибербуллинг: нені білу маңызды және одан қалай қорғануға болады?». Оқушыларға кибербуллинг ұғымы түсіндіріліп, интернеттегі әдептілік, жағымсыз хабарламаларға жауап бермеу, қауіпті жағдайларда ата-анаға немесе мұғалімге хабарлау жолдары түсіндірілді.

Қорытынды

Қыркүйек айында 6-сынып оқушыларымен жоспарға сәйкес 4 сынып сағаты және 4 қауіпсіздік сабағы өткізілді. Тәрбие сағаттары барысында білім, отбасы, достық, еңбеккорлық, жауапкершілік және қауіпсіздік құндылықтарына ерекше көңіл бөлінді.

Оқушылар сынып сағаттарына белсенді қатысып, өз ойларын еркін білдірді. Қауіпсіздік сабақтары арқылы оқушылардың жолдағы, көшедегі және интернеттегі қауіпсіздік туралы білімдері толықтырылды.

Алдағы уақытта оқушылардың өзара сыйластық мәдениетін қалыптастыру, еңбекке жауапкершілікпен қарауын арттыру, қауіпсіздік ережелерін күнделікті өмірде сақтау дағдыларын дамыту бағытындағы тәрбие жұмыстары жалғастырылады.

Сынып жетекші әдістеме бірлестік жетекшісі: Ұ.Арапбай

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: А.К.Өтеш